

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының мақсаты:

Қоғамның рухани жаңғыру жағдайында филология саласында ғылыми-зерттеу және кәсіптік қызмет үшін жаңа форматты «PhD» докторларын даярлау.

1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Білім беру бағдарламасының түрі	ағымдағы
Білім беру бағдарламасының атауы	8D02301 «ФИЛОЛОГИЯ»
Білім беру саласы	8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар
Даярлау бағыты	8D023 Тілдер және әдебиет
Білім беру бағдарламасының тобы	8D060- Филология
Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы	№ KZ75LAA00018542 лицензия «04» тамыз 2020 ж.
БББ Тізіліміндегі № және тіркеу/жаңарту күні	№ 8D02300002 Жаңарту күні: 27.01. 2022 ж.
ҰБШ бойынша деңгейі	Докторантура, деңгей 8
Берілетін дәреже	«8D02301-Филология» БББ бойынша PhD философия докторы
Білім беру бағдарламасын аккредиттеу	АРТА, от 04.04.2020 жылғы №1 куәлік
Білім беру бағдарламасының рейтингі	<i>Атамекен:</i> 2022 ж. –4-тің ішінен 3 орын; <i>АРТА:</i> 3 орын
Жалпы академиялық кредит саны	180
Оқу мерзімі	3 жыл

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналу мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білетін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасы философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогтік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жүзеге асырады. Ғаламдану жағдайында әр ұлттың ұлттық кадрларын даярлау, қоғамның рухани жаңғыру талабына сай гуманитарлық ғылымды дамыту мен ұлттық кодымызды бойында сақтаған тіліміздің өміршеңдігін қамтамасыз етуге қызмет ететін кадрлар даярлау қажеттігі осы БББ-ның өзектілігін көрсетеді. Педагогикалық жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының қартаюының орын алуы, PhD докторлардың жетіспеушілігі, ғылыми әлеуеттің төмендеуі нарықта аталған БББ-на сұраныс тудыруда.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

	А траекториясы (тілтаным)	В траекториясы (әдебиеттаным)
Академиялық ұтқырлық	Түркия, Нийде Өмер Халисдемир университеті	Түркия, Нийде Өмер Халисдемир университеті
Қосдипломды бағдарлама	Түркия, Нийде Өмер Халисдемир университеті	Түркия, Нийде Өмер Халисдемир университеті
<i>Бағдарламаның басқа да бірегей сипаттары</i>	1.Түркі тілдерінің тарихи дамуы, мәдениетаралық коммуникация мәселелерінің қамтылуы. 2.Мәтінге лингвистикалық талдау жүргізуге басымдық берілуі.	1.Түркі халықтарының әдеби мұрасының зерделенуі. 2.Көркем мәтінді дискурстық, текстологиялық, әдеби талдауға басымдық берілуі.

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетімен сәйкестік -10 %.

Санкт-Петербург мемлекеттік университетімен сәйкестік - 15 %.

Нийде Өмер Халисдемир университетімен сәйкестік – 15 %.

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТИҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

- ЖОО-да, орта кәсіптік оқу орындарында педагогикалық қызмет;
- Ғылыми-зерттеу институттарында тіл білімі және әдебиеттану салалары бойынша ғылыми қызмет.

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

1 кәсіби құзыреттілік саласы

- ғылыми-педагогикалық;

2 кәсіби құзыреттілік саласы

- ғылыми-зерттеу;

3 кәсіби құзыреттілік саласы

- педагогикалық-ұйымдастыру.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН1 – Ғылым дамуының негізгі принциптерін, тіл білімі мен әдебиеттанудың жаңа бағыттарын біледі.

ОН2 – академиялық мәтінді дайындау, жазу және редакциялаудың негізгі қағидаларын, ережелерін, нормаларын біледі.

ОН3 – Жаһандану мен интеграция жағдайында отандық ғылым дамуының заманауи үрдістерін, бағыттары мен заңдылықтарын, ғылыми танымның әдіснамасын, әлемдік және қазақстандық ғылым жетістіктерін сараптайды.

ОН4 – Өртүрлі ғылым шеңберінде алған білімдерін кіріктіріп, зерттеушілік, эмоционалды және әлеуметтік интеллектісін, кәсіпкерлік дағдыларын дамытады.

ОН5 – Тұлғааралық коммуникация, лингвистикалық және әдеби мәтінді талдауға байланысты білім негіздерін тәжірибеде қолданады.

ОН6 – Филология ғылымындағы концепция, теория мен бағыттарға, құбылыстар мен үдерістерге сыни тұрғыдан талдау жасай алады.

ОН7– Өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарында іргелі отандық және шетелдік ғылым жетістіктеріне талдау жасап, қолданады.

ОН8 – Ғылыми жұмыс жүргізу әдістері мен құралдарын біледі, зерттеу жұмыстарын дайындауда және оның нәтижелерін өңдеуде қолданады.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8
ТА1	+					+		+
ТА2				+	+			
ТА3		+	+					+
ТА4	+	+			+		+	
ТА5			+			+	+	
ТА6				+				+

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

2) «Педагог» кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығы.